Ақтөбе қаласы білім бөлімі
МКҚК №45 "Алтын бала" бөбекжай-бақшасы

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
2023 жылғы «17» 09
№ 118 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

**БАҒДАРЛАМА**
**«Бөбектерге арналған хореография»**
**(ересек, мектепалды топтар)**

Ақтөбе - 2023 жыл

## Түсінік хат

№45 «Алтын бала» бөбекжайындағы ортаңғы,ересектер және мектепалды даярлық топтарында балалардың шығармашылық қабілеттерін қарастыратын шығармашылық құзыреттілігін меңгерген мектеп жасына дейінгі бала тұлғасын қалыптастыру мақсатында жаңа мемлекеттік стандарт талабына сай адаптивтік бағдарлама жазылды. Бағдарламада мектеп жасына дейінгі балалардың би қимылдарын меңгеруін жеңілдететін дидактикалық ойындар мен жалпы дамыту жаттығулар жиынтығы берілген.

**Бағдарламаның өзектілігі:**

Қазіргі заманда мектепке дейінгі бүлдіршіндер арасындағы жалпақ табандылық пен омыртқаның қисаюы сияқты түрлі аурулар кең тараған. Сондықтан да мектепке дейінгі ұйымдарда ең басты мақсаты оқу-тәрбие беру процесінде балалардың денсаулығын нығайту болып табылады. Балаларды түрлі аурулардың алдын алуда күні бойғы әрекетінде денесін шынықтыру және сауықтыру шараларын кіріктіре отырып, жүзеге асырылу қажет. Ал, оның ішінде музыкалық ырғақты би сабағы осы өскелең ағзаның толық дұрыс дамуында көп ықпал тигізетіні анық. Сондықтан да бағдарламаның бірден-бір өзектілігі - мектепке дейінгі балаларды кішкентайынан музыкалық ойын әрекеттерін орындауға талпындыру.

Музыкалық ырғақты сабақтарда әсемдік пен қатар баланың бұлшық еттерінің дамуы мен дене сымбатының дұрыс өсуіне тигізер әсері мол. Дені сау баланың көңіл-күйі де жақсы болатыны анық, яғни баланың өз-өзіне сенімділігімен ерекшелігін сезіну жеке тұлға ретінде қалыптасуына маңызды роль атқарады. Би қимылдарымен, би билеу, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажыратуға дағдыландыру.

Музыкалық ырғақты би сабақтарында балалардың эстетикалық тәрбие мен шығармашылық қабілеттерін дамыта отыра денсаулықтарын нығайту және арттыру.

**Бағдарлама мақсаты:**

Балалардың жан-жақты дамуы мен оқуы үшін өзінің жақсы көңіл күйде сезінуін қамтамасыз ету міндетіне ерекше мән беріледі.

**Бағдарлама міндеттері:**

1. Би арқылы бұлшық ет күші мен иілімділігін және төзімділік қабілеттерін жаттықтыру. Әуенге сәйкес ырғақ пен қимыл үйлесімділігінің көркем де мәнерлі болуын жетілдіру.
2. Балалардың қимыл белсенділіктерін арттыру
3. Әуенге сәйкес дербес би қозғалыстарын ойлау арқылы баланың ой - қиялын және елестету қабілеттерін дамыту.
4. Ырғақты би арқылы еркіндік, шығармашылық пен психологиялық жағымды эмоциясын арттыру.

**Күтілетін нәтиже:**

**Білуі керек:** Қарапайым шығармашылық іскерліктер мен дағдыларды меңгерген бала тұлғасын қалыптастыру.Айнала қоршаған әлем мен өмірлік құбылыстарды сезінуге қабілетті, қоғамдық өмірге араласуына талпынысын тәрбиелеу.

**Игеруі керек:** Би ырғақтарын іріктеу арқылы жалпы дамыту кешенін ұйымдастыру.

**Істей алуы керек:** Балалардың биге деген қызығушылықтарын дамыта отырып,конкурстар мен байқауларға балаларды қатыстыру.

**Ұзақтығы:** 25-30 минут.

Оқу жылына - 72 сағат, аптасына - 2 рет.

## Тақырыптық жоспар

| № | Тақырыбы | Мазмұны | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1. | Би әлеміне саяхат. | Балаларға хореография туралы түсінік беру. Не үшін қандай мақсатпен хореография пәні сабағы жүретіні туралы балаларға түсіндіру. | 2 |
| 2. | Би туралы диалог «Сәлемдесу» әдетін меңгеру. | Сәлемдесу әдетін меңгеру арқылы баланың жауапкершілігін арттыру, ұстамдылық шеберлігін дарыту. | 2 |
| 3. | I-II-III қол қалыптары,және дайындық қалпы. | Ережеге сай жұмыс жасауға үйрету. Дене бітімін уақтылы бұрып арнаулы ережеге бағынып қолды көтеру, түсіру.Әсемділік, сұлулыққа үйрету. Өз-өзін жақсы көруге үйрету. | 2 |
| 4. | I-II-III аяқ қалыптары және дайындық қалпы. | Ережеге сай жұмыс жасауға үйрету. Дене бітімінне уақтылы бұрып арнаулы ережеге бағынып аяқты бұру, қайыру және арқасын тік ұстау.Әсемдікке үйрету. | 2 |
| 5. | Тринаж жаттығулары. | Балаларды жерге отырғызу арқылы арқасын, сүйек, бітімін тексеріп биге дайындау. Баланы ұстамдылық, шыдамдылық, шеберлігіне үйрету. Созылмалы қимыл ЛФК емдеу қасиетін жасау арқылы баланы тексеру. | 2 |
| 6. | Арнаулы бағытқа тұру. «Шеңбер» «Диогональ» | Бағытта тұрып қалыпты бұзбау, үлкен жауапкершілікпен жұбына қарау. Балалар бойын тік ұстап, аяқ түзу жүргізу арнаулы бағытты бұзбау, әдемілік ұстамдылыққа тәрбиелеу. | 2 |
| 7. | Шеңбер бойында «Жылан» «Ирек» жүру ережелері. | Балаларға тұрмыстық жүріспен би жүрісінің айырмашылығын түсіндіру. Ережені ұстанып дене бітімін бірқалыпты тік ұстауға үйрету, жауапкершілікке баулу. | 2 |
| 8. | «Қолшатырлар » биі. | Әр түрлі жанр туралы ұғымдарын кеңейтіп, биді орындау шеберліктерін қалыптастыру. Әдемілікке, әсемділікке тәрбиелеу. | 2 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9. | Жерге отырып аяқтың ұшын «Көбелек», «мысық», иіліп майысу, бүгілуді меңгерту. «Пор-де бра» | Пор-де бра жаттығуын меңгерту арқылы балалардың арқа бітімінің түзулігін жаттықтыру майысу және бүгілудің ерекшелігін түсіндіру. | 2 | |
| 10. | Би қимылдарын жерде орындау. | Қиялдан туған қимыл-қозғалысқа сала отырып бүгілу, майысу иілу қимылдарын игерту. Қимыл-қозғалысты ажырата білуін, сезіндіру қабілеттерін қалыптастыру. | 2 | |
| 11. | халық биі «Камажай» | Үйретілген жаттығуларды пайдалана отырып биді үйрету. Халық биінің ерекшелігін сезіндіру, ұлттық киімге насихат түсінік беру. | 2 | |
| 12. | Дүбірлі қадам. | Дүбір-ұру, соғу, аяқпен қолмен. Дүбір қадамы туралы түсінік беру, жаңа қимылмен таныстыру, орындау кезіндегі қалыпты сақтау ережені бұзбауға үйрету. | 2 | |
| 13. | Ғажайып би әлемі. | Ырғақты қимыл арқылы қиял ғажайып шығармашылықтарын дамыту. Ойлау сезіне білу қабілеттерін қалыптастыру, әсемдікке тәрбиелеу. Үйренген би элементтерін қайталап еске түсіру. Әр түрлі бидің өзіндік ерекшеліктерін ажырата білуін арттыру. | 2 | |
| 14. | Ырғақты би қимылдары. | Балаға музыка ырғағын түсініп билеуді үйрету. Этюд қысқа түрде орындалатын би түрі екендігін түсіндіру. Ырғақты, жай және тез орындалу ережелерін ажырата білуге үйрету, дайындау. Әсемдікке үйрету, тәрбиелеу. | 2 | |
| 15. | «Саңырау-құлақтар » биі | Әр түрлі жанрдағы би өнерімен таныстыру. Қоршаған ортаның әсемдігін би қимылы арқылы тану. Саңырау-<br>құлақтар  көрінісін қимыл-қозғалыс арқылы бейнелей білуге үйрету. Саңырауқұлақтар бейнесін келтіріп ырғақты орындап би қимылдарын нақышына келтіріп орындау | 2 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 16. | Қош келдің Жаңа жыл. « Ұлпақарлар биі» | Қыстың келбетін сипатың, көңіл күйін қимылды қозғалыспен көрсету. Арқылы, балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығын қалыптастыру, орындау шеберліктерін дамыту. Әсемділік, әдемілікке тәрбиелеу. | 2 |
| 17. | «Айналма қол қимылы» | Қолды нәзік айналдыру, өзінің орындаған жаттығуын өзі қадағалау арқылы өзіне баға беру. Бойын тік ұстап әдемі орындауға, музыка ырғағына ере отырып, ережені бұзбауға дағдыландыру. Қимыл-қозғалыстың ерекшелігі мен айырмашылығын білуге үйрету. | 2 |
| 18. | «Иық қимылдары» | Қимыл-қозғалыс кезіндегі баланың ашық мінезді көңіл –күймен орындалуын қадағалау арқылы шыдамдылыққа үйрету. Өзін қимыл жасау кезінде денесін сезіну арқасын ережеге сай ұстауға үйрету. Әдемілікке тәрбиелеу. | 2 |
| 19. | | Биді қуанышпен шаттана, мазмұнына сәйкес қимылмен көрсетіп орындауға үйрету. Әдемілік, әсемділікке тәрбиелеу. орындату арқылы баланың ой сана сезімін ояту, сүйіспеншілігін арттыру. | 2 |
| 20. | Көтеріңкі көңіл күй. «Қуыршақ» биі. | Қуыршақ бейнесін сипаттау арқылы баланың сезіну арқылы ішкі мінез келбетін көрсете білу қасиетіне баулу, яғни мимика күлін билеу жансыз қимыл көрсету. Биді қуанышпен шаттана, мазмұнына сәйкес қимылмен көрсетіп орындауға үйрету. Әдемілік, әсемділікке тәрбиелеу. | 2 |
| 21. | «Сымбат және саулық» Емдік гимнастикасы. | Емдік жаттығуларын жасаудың пайдасын түсініпрін, дұрыс жасай білуге тәрбиелеу. Екі аяқты тік ұстау қабілетін орындау арқылы шыдамдылыққа баулу, өзі қимыл-қозғалысын бағалай алуға үйрету. | 2 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | сезімдерін ояту. Ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру. | |
| 29. | Көңілді балалар. «Хип-хоп» би өнері. | Әр түрлі жанрдағы би өнері екендігі туралы түсінік беру. Балалардың өмірге деген сүйіспеншілігін арттыру, би өнері арқылы жеткізуді меңгеру. Би өнерінің құдіретімен балаларды болашаққа жетелеу. Бидің орындау мәнерін дәл беріп, табиғи орындаушылықпен көрсетуге үйрету. Балаларды достыққа тәрбиелеу. | 2 |
| 30. | Ырғақты қол соғу. «Тарелочка» | Балаға музыка әуенінің ырғағын сезіне отырып қол соғу ырғақты қимыл-қозғалысты бірқалыпты орындауға үйрету. Дыбысты, ырғақты сезіп ойнақы көңілді орындауына машықтандыру. | 2 |
| 31. | Би аралына саяхат. | Әр елдің би жанрымен таныстыра отырып, қарапайым еркін түрде би элементтерімен таныстыру. Би қозғалыспен үйрету арқылы әсемділік, әдемілікке тәрбиелеу. Қасындағы досына деген сүйіспеншілігін арттыру, жұппен жұмыс жасауын, қол ұстасып қимыл қозғалысты орындауын үйрету. | 2 |
| 32. | Ырғақты вальс өнері. | Музыкадағы ырғақпен би қозғалыстарын жәй екпінде орындау шеберлігін дамыту. Зал ортасында тұрып III қалыпта тұруын аяқты әдемі бұрып ұстайлауын жетілдіру. Майысу әдемі бүгілу өнерімен таныстыру. | 2 |
| 33. | «Бүктелу» жаттығулары. | Би қимылын жасағанда әркез денені тік ұстап, жеңіл қимыл жасауға дағдыландыру қажет. Музыка әуенімен шарды жоғары көтеріп оңға, солға иіліп жаттығу. Балаларды би қимылдары арқылы әсемдікке әдемілікке тәрбиелеу. | 2 |
| 34. | «Балдырғандар» биі. | Би өнерінің, элементтерінің сезімдік мазмұнын сипаттай, ажырата, бейнелей білуге үйрету. Биді табиғи нәзік орындауға төселдіру. Музыка ырғағына би қимылын үйлесімді | 2 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | орындауға талпындыру. Қазақтың ұлттық салт-дәстүр рәсімдеріне деген қызығушылықтарын дамыту. | |
| 35. | Жеңіс күнін тойлаймыз, «Батырлар» биі. | Балалардың ән, әуенді қимыл-қозғалыс орындауда өздігінен, еркін шығармашылық белсенділігін көрсете білуіне мүмкіндік жасау, қолдау. Ұлы Отан соғысы, Жеңіс күні туралы түсінік қалыптастыру. Отанға деген патриоттық сезімге тәрбиелеу. | 2 |
| 36. | Би калейдоскопы. | Шығармашылық бойынша би өнерінен жыл бойы алған білімдерін пысықтап еске түсіріп қайталау. | 2 |
| | | | Барлығы: 72 сағат |

## Қолданылған әдебиеттер:


1.Менжанова А. «Танцы для малышей от 2 до 6 лет», Алматы 2008 ж.

2.«Аэробика балаларга» Әдістемелік құрал. С.В. Колесникова 2001ж.

3.«Әлемдік халық билері» В. Вагалов 2001ж.

4.Борышников Т. Просвещение «Музыка мен ырғақ», 1984ж.

5. Горибылова «Классикалық билер әдістемесі» 1995ж.

6. Н.А. Ветлугина «Балабақшадағы эстетикалық тәрбие » М., 1985ж

7.Оқу бағдарламасы –«Хореография еліне саяхат» М., 1999ж.

8.Шара Жиенқұлова . «Өнер» менің өмірім» Алматы, 1989ж.

9.Шара Жиенкулова «Би элементтері». 1986ж.